

Бұланды ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2022 жылғы 24 қарашадағы № 7С-28/3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 қарашада № 30812 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Бұланды аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бұланды ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бұланды аудандық
мәслихатының хатшысы*

Ш.Кусаинов

Бұланды аудандық мәслихаты
2022 жылғы 24 қарашадағы
№ 7С-28/3 шешіміне
қосымша

Бұланды ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығысыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғын айына	390,0
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айына	424,56
Бір бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	2962,02